

болады. Керісінше, егер контейнер Linux үшін бейімделген болса, онда сыртқы орта да Linux болады (түйіндегі барлық контейнерлердің ядросы бірдей).

Қорытындылай келе, виртуализация мен контейнерлеу бір-бірімен байланысты ұғымдар емес деп айта аламыз. Олардың мәні мен қолданылуы тұрғысынан олар әртүрлі тауашаларды алады және оларды біріктіру дұрыс емес. Бұл жылы мен жұмсақты салыстырумен бірдей.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] <https://www.bmc.com/blogs/what-is-a-container-containerization-explained/>
- [2] <https://www.capgemini.com/2019/11/the-top-benefits-of-containerization>
- [3] Гультияев А.К. Виртуальные машины: несколько компьютеров в одном СПб.: Питер, 2006. — 224 с.
- [4] Диттнер Роджер, Караваева А.П.(ред). Виртуализация и Microsoft Virtual Server 2005 Полное руководство. Перевод с английского. М.: ООО "Бином-Пресс ", 2008г. - 432 с.
- [5] Евстратов, В. В. Контейнеризация как современный способ виртуализации / В. В. Евстратов. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 49 (339). — С. 7-9. — URL:

УДК 656.1

А.С. Кабдул¹

Логистика және көлік академиясы, Алматы қ., Қазақстан

ЖҮКТЕРДІ ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІНДЕГІ КӨЛІКТІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ

Аңдатпа. Жүктерді жеткізу тізбегі - логистикадағы басты ұғымдардың бірі. Ол жүктің алғашқы шикізат көзінен бастап тұтынушыға жеткізілгенге дейінгі барлық кезеңдерін қамтиды. Ал осы жеткізілім тізбегін басқару дегеніміз - бұл кәсіпорынға шикізаттың қозғалысын, материалдарды дайын өнімге ішкі өндеудің кейбір аспектілерін және дайын өнімнің ұйымнан тыс және соңғы тұтынушыға қарай қозғалысын басқаруды қамтитын функционалды тәсіл.

Жүктерді тасымалдаушы кәсіпорындардың көліктік – логистикалық қызметінің негізгі мақсаты – тұтынушыларға қажетті тауарды, қажетті орынға, қажетті уақытта жеткізу. Осы қызметтерді жүзеге асыру барысында жеткізілім тізбегінде әртүрлі логистикалық арналар мен олардың деңгейлері, түрлері пайда болады. Таратылым арналары оған қатысушылардың санына байланысты әртүрлі деңгейлерге топтастырылады. Мұндағы логистикалық таратылым арнасының деңгейі дегеніміз – бұл тауарды өндірушіден тұтынушыға жеткізу барысында қосымша қызметтерді ұсынып, жеткізілім процесіне қатысушы делдал. Мұндағы логистикалық арналардың негізгі функцияларына мыналарды жатқызуға болады: жеткізілім процесі үшін қажетті арналарды зерттеу жұмыстарын жүргізеді; жеткізілетін тауарлар туралы ақпаратты құра және тарата отырып, тұтынушылар сұранысын қалыптастыруға тырысады; тапсырыс берушілермен қарым-қатынастарды орнатады; сатып алушы талаптарына сәйкес жеткізілім процесінің жоспарын құрады және келіседі; құжаттамалық қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді; жеткізілім тауарларын қоймада сақтауға орналастырып, оларды тасымалдауға жібереді; ақпарат алмасу және жүктік бақылау жүргізіледі; тәуекелдерге жауап береді. Мұнда аталған барлық функциялардың немесе олардың бөлігін ғана өндіруші өз мойнына алып, қалған бөлігін делдалдарға беруі мүмкін. Жүктерді жеткізілім

тізбегінде делдалдардың атқаратын ролі өте ерекше. Себебі олар осы тауардың тұтынушыларға жылжуының негізгі бағыты деуге болады және кәсіпорын тауарын өзіне пайда түсіре отырып таратады.

Логистикада тауарлар жеткізілімінің көлденең арналары мен дәстүрлі арна түрлері кездеседі. Тауарлар жеткізілімінің көлденең арнасы деңгейлері нөлден үшке дейінгі деңгейді қамтиды, мұнда жүкті жеткізу кезінде қатысушы делдалдар санына қарай топтастырылады. Оларды ерекшелігі ондағы қатысушы делдалдардың саны болып табылады. Ал таратылымның тік арналары тікелей өндірушіден тұтынушыға жеткізіледі. Ол жайында осы мақалада толық талданып, сипатталған. Сонымен қатар, мақалада жеткізілім арнасына қатысушылар аталып, жеткізілім процесінің жүргізілуі және құжаттамалық қамтамасыз етілуі айтылып, толық жеткізілім тізбегін басқаруды ұйымдастыру талданған.

Түйінді сөздер: жүктерді жеткізу тізбегі, көліктік – логистикалық қызмет, тік жеткізілім арнасы, көлденең жеткізілім арнасы, логистикалық жеткізілім арнасы.

Аннотация. Цепочка доставки грузов-одно из ключевых понятий в логистике. Он охватывает все этапы от первичного источника сырья до доставки груза потребителю. А управление цепочками поставок-это функциональный подход, который включает в себя управление движением сырья для предприятия, некоторыми аспектами внутренней обработки материалов для готовой продукции и движением готовой продукции вне организации и к конечному потребителю.

Основная цель транспортно-логистической деятельности предприятий-перевозчиков грузов-доставить потребителю необходимый товар, в нужное место, в нужное время. В процессе осуществления этих услуг в цепочке поставок возникают различные логистические каналы и их уровни, типы. Каналы передачи группируются на разные уровни в зависимости от количества ее участников. Уровень логистического канала передачи здесь-посредник, участвующий в процессе поставки, предоставляя дополнительные услуги в процессе доставки товара от производителя к потребителю. К основным функциям логистических каналов здесь можно отнести: проводит исследования каналов, необходимых для процесса поставки; стремится формировать потребительский спрос, создавая и распространяя информацию о поставляемых товарах; устанавливает отношения с заказчиками; составляет и согласовывает план процесса поставки в соответствии с требованиями покупателя; ведет документационное обеспечение; размещает товары поставки на складское хранение и передает их к перевозке; осуществляет обмен информацией и грузовой контроль; несет ответственность за риски. Из всех перечисленных здесь функций или только их часть производитель может взять на себя и передать оставшуюся часть посредникам. Роль посредников в цепочке поставок грузов весьма специфична. Так как они являются основным направлением продвижения данного товара потребителям и распределяют товар предприятия, получая при этом прибыль.

В логистике встречаются горизонтальные каналы поставок товаров и традиционные типы каналов. Уровни горизонтального канала доставки товаров охватывают уровни от нуля до трех, где при доставке груза участник группируется по числу посредников. Отличительной особенностью их является количество участвующих в ней посредников. А вертикальные каналы передачи поставляются напрямую от производителя к потребителю. О нем подробно проанализировано и описано в этой статье. Кроме того, в статье перечислены участники канала поставки, рассказано о ходе и документальном обеспечении процесса поставки, проанализирована организация управления полной цепочкой поставок.

Ключевые слова: цепочка доставки грузов, транспортно-логистическое обслуживание, вертикальный канал доставки, горизонтальный канал доставки, логистический канал доставки.

Abstract. The cargo delivery chain is one of the key concepts in logistics. It covers all stages from the primary source of raw materials to the delivery of goods to the consumer. And supply chain management is a functional approach that includes managing the movement of raw materials for the organization, some aspects of the internal processing of materials for finished products and the movement of finished products outside the organization and to the end user.

The main purpose of the transport and logistics activities of cargo carriers is to deliver the necessary goods to the consumer, in the right place, at the right time. In the process of implementing these services, various logistics channels and their levels and types arise in the supply chain. The transmission channels are grouped into different levels depending on the number of its participants. The level of the logistics transmission channel here is an intermediary involved in the delivery process, providing additional services in the process of delivering goods from the manufacturer to the consumer. The main functions of logistics channels here include: conducts research of channels necessary for the delivery process; seeks to generate consumer demand by creating and distributing information about the delivered goods; establishes relationships with customers; draws up and coordinates a plan for the delivery process in accordance with the requirements of the buyer; maintains documentation support; places delivery goods in storage and transfers them for transportation; carries out information exchange and cargo control; is responsible for risks. Of all the functions listed here, or only part of them, the manufacturer can take over and transfer the rest to intermediaries. The role of intermediaries in the cargo supply chain is very specific. Since they are the main direction of promoting this product to consumers and distribute the goods of the enterprise, while making a profit.

In logistics, there are horizontal channels for the supply of goods and traditional types of channels. The levels of the horizontal channel for the delivery of goods cover levels from zero to three, where the participant is grouped by the number of intermediaries during the delivery of goods. A distinctive feature of them is the number of intermediaries involved in it. And vertical transmission channels are delivered directly from the manufacturer to the consumer. It is analyzed in detail and described in this article. In addition, the article lists the participants of the supply channel, describes the progress and documentation of the supply process, analyzes the organization of management of the complete supply chain.

Keywords: cargo delivery chain, transport and logistics services, vertical delivery channel, horizontal delivery channel, logistics delivery channel.

Жүктерді жеткізу қызметі – бұл белгілі бір тауарды өндіруші кәсіпорыннан, тұтынушыға жеткізу қызметі болып табылады. Оның орындалуы көптеген операцияларды кешенінен тұрады және әртүрлі қатысушылар арқылы жүзеге асырылады.


Жүктерді жеткізу – күрделі процесс болып табылады. Ол жоспарлау, ұйымдастыру, орындау, жүзеге асыру сынды көптеген іс-шараларды қамтиды. Осы ретте жүктерді жеткізуші компания міндеті, тиісті тауарды көрсетілген орынға, уақытында, ешбір ақаусыз, дұрыс жеткізу болып келеді. Жүктерді тасымалдаудың өте күрделі процесс екендігін атап өтіп, оның басқа да тасымалдауға қатысты, құжаттамалық реттеуге, есеп айырысуларға қатысты бөлімдермен, сондай ақ, ақпараттық, қаржылық жүйелермен, әртүрлі ұйымдармен, кәсіпорындар, тұтынушылармен, байланыстың өте күрделі жүйесі екендігін атап өтеміз [1].

Жүктерді жеткізудің логистикалық тізбегі жеткізілетін тауар түріне қарай әртүрлі түрде құралуы мүмкін. Мысалы егер шикізат көзінен бастап қарастыратын болсақ, ол бірінші осы шикізаттан өнім өндіруші кәсіпорынға тасымалданып, одан кейін таратылым орталықтарына түсуі мүмкін. Сондай – ақ, ол өндіріс орнында тікелей жинақталуы мүмкін немесе жүктерді жеткізуде бір емес бірнеше делдал қатысуы мүмкін. Мұндай жүктерді жеткізудің логистикалық тізбегін 1 суретте ұсындық.




1 сурет - Жүктерді жеткізудің логистикалық тізбегі

Жеткізілім тізбегін басқаруда басты орында логистикалық жеткізу арналары және жеткізілім тізбектері құрайды. Олардың сипаттамалары 2 суретте келтірілген.



2 сурет - Логистикалық жеткізу арналары және жеткізілім тізбектері сипаттамалары

Таратылым арнасының негізгі қатысушысы кімнің болуы қажеттілігі бұл – нақты тауар түріне қатысты болып келеді. Осыған сәйкес 3 суретте таратылым арнасына қатысушылар көрсетілген.



3 сурет - Жеткізілім арнасына қатысушылар

Жоғарыда сипатталған таратылым арналары оған қатысушылардың санына байланысты әртүрлі деңгейлерге топтастырылады. Мұндағы логистикалық таратылым арнасының деңгейі дегеніміз – бұл тауарды өндірушіден тұтынушыға жеткізу барысында қосымша қызметтерді ұсынып, жеткізілім процесіне қатысушы делдал [2]. Логистикада тауарлар жеткізілімінің көлденең арналары мен дәстүрлі арна түрлері кездеседі.

Кез – келген көлік компаниясының басты міндеті – бұл тауарлар тасымалы процесін дұрыс әрі жүйелі ұйымдастыру, сол арқылы тапсырыс берушілердің талаптарын толық қанағаттандыру болып табылады. Бірнеше жылдар бойы көлік компаниялары тек тасымалдау барысын, яғни жолдағы қызмет түрін ғана ұсынып келді. Алайда заманауи жағдайлар, бұл қалыптасқан жүйені, ережелерді бұзды. Бүгінгі таңда тасымалдау – бұл жүктің өндірушіден тұтынушыға дейінгі барлық кезеңін басқарып, жүзеге асырушы болып табылады [3]:

- жүктер мен жолаушылар тасымалы;
- жүктерді тиеу-түсіру жұмыстары;
- жүктерді қоймаларда орналастыру және сақтау;
- көліктерді таңдау және таратылымның маршрутын құру;
- құжаттамалық қызмет көрсету.

Тауарларды жеткізілім процесі бұл – барлық жұмыстарды жоспарлау, ұйымдастыру, құжаттамалық қамтамасыз ету, реттеу және тексеру, бақылау сынды қызметтер кешенін қамтиды. Сондай – ақ тапсырыс берушілерге тиімді шарттарды ұсына отырып, келісім шарт негіздемелерін құру, әртүрлі бухгалтерлік есептерді жүргізу, жеткізілімге қатысушы делдалдардың қосалқы жұмысына бақылау жүргізу, кедендік рәсімдеулерді өту, үнемі ақпараттық байланыс орнату және т.б.

Көбінесе тапсырыс берушілер логистикалық қызметте жеткізілген тауар сапасы мен уақытына, сеімділігіне және т.б көрсеткіштерге өте жоғары мән береді. Бүгінде тапсырыс беру – жеткізу үлкен қарқынмен дамып келеді және осы ретте көліктік – логистикалық қызметті ұсынушыларға қойылатын негізгі талаптар төмендегілерді құрайды [4]:

- жеткізілім сенімділігі;
- жеткізілім уақыты, оның ұзақтығы;
- жүктерді жеткізу тұрақтылығы;
- тасымалдау қауіпсіздігі;
- төлем жүйесінің ыңғайлылығы;
- жүктерді бақылау мен құжаттамалық қамтамасыз етудің оңтайландырылған түрі;
- қосымша қызметтерді ұсына алуы;

Тасымалдаушы тапсырыс берушімен тасымалдау келісім – шартын жасай отырып, жүкке толықтай жауапкершілік алады. Бұл келісім – шартта тасымалдау барысы, есеп айырысулар мен қатар, тәуекелдік жағдайлар да алдын – ала талданып, көрсетіледі [5].


Шартта тасымалдау бағыттары нақты айқындалып, қажетті көлік құралының түрі мен көрсеткіштері толықтай аталады. Егер тапсырыс беруші сақтандыруды да қоса алғысы келсе, оның да құжаттары қоса жүргізіледі.

Бұл құжат түрі жүктерді қабылдап алушылар санына байланысты да ерекшеленеді, егер жүк тек бір пунктке ғана жеткізілсе, онда ол орталықтандырылған жүк болып саналы, бір ғана келісім – шарт жасалынады. Ал жүкті алушылар саны бірден көп болған кезде, ол орталықтандырылмаған жүк деп аталып, мұнда қабылдап алушылардың әрбірімен жеке – жеке келісім – шарт жасалынады.

Негізгі келісім – шерттан басқа, көліктік – логистикалық қызмет көрсетудегі басты құжат бұл – жүкқұжат болып табылады. Ол негізгі көлікке байланысты және жүкке байланысты екі бөлімді қамтиды. Мұндағы жүкке қатысты бөлімде жүктің атауы, көлемдері, данасы, ерекшеліктері көрсетіледі. Бұл құжат жеткізілімдегі жүктерді есепке алуға және шығаруға қажет [6].

Тасымалдау процесі үнемі нормативтік құжаттарға сай жүргізіледі, атап айтқанда, тасымалдау ережелері, жүкке қатысты ережелер, жарғылар және т.б. Егер ұзын өлшемді, ірі габаритті, қауіпті жүктерді тасымалдау үшін рұқсат қағаздары да міндетті түрде бірге жүргізілуі қажет.

Тасымалдау кезіндегі көліктік – логистикалық қызметтерді басқару 4 суреттегілерді қатиды.



4 сурет - Тасымалдау кезіндегі көліктік – логистикалық қызметтерді басқару

Қорытынды. Қорытындылай келе, жүкті жеткізу тізбегінде тасымалдауларды жүзеге асыру үшін келісім-шарт жасасу, тауарларды тасымалдауға дайындау, тасымалдау процесі кезінде қажетті көлік түрін таңдау өте маңызды, біріншіден мұнда тасымалданатын жүктің негізгі сипаттамалық ерекшеліктері, оның габариттері, көлемдері ескерілсе, екіншіден тасымалданатын бағыт та маңызды орынға ие. Егер жүк халықаралық деңгейде тасымалданатын болса, онда тасымалдау үшін қандай да бір делдалдарды таңдау мәселесі туындайды. Логистикада делдалдарды таңдаудың көптеген әдіс – тәсілдері кездеседі. Осыдан кейін, мүмкін болатын делдалдар таңдалынып алынып, тасымалдау үшін маңызды көрсеткіштер (тасымалдау бағасы, уақыты, нарықтағы орны,

арақашықтығы және т.б.) тізбесі құрылады. Осы көрсеткіштер бойынша бағалау жүргізіліп, есептеулер орындалады, нәтижесінде тасымалдау үшін қажетті делдал таңдалынады. Жеткізілім тізбегіндегі бизнес-процестер интеграциясы сатып алушылар мен жеткізушілер арасындағы бірлескен жұмысты, бірлескен өнімді жасауды, жалпы жүйелерді және ортақ ақпаратты қамтиды. Жеткізілім тізбегін басқару, шикізатты жеткізуден бастап өнімді жеткізуге немесе қалпына келтіруге дейінгі жеткізілім тізбегенің барлық бөлімдерін үйлестіруді мақсат ететін әдістер, тізбектес серіктестер арасындағы шиеленістерге қатысты жалпы шығындарды барынша азайтуға тырысады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

[1] Аникин, Б. А. Логистика производства: теория и практика : учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры / В. А. Волочиенко, Р. В. Серышев ; отв. ред. Б. А. Аникин. — М. : Издательство Юрайт, 2019. — 454 с.

[2] Левкин, Г. Г. Коммерческая логистика: учебное пособие для вузов / Г. Г. Левкин. — 2-е изд., испр. и доп. — М. : Издательство Юрайт, 2018. — 375 с.

[3] Корпоративная логистика. 300 ответов на вопросы профессионалов / Под общ. и научн. редакцией проф. В.И. Сергеева. – М.: ИНФРА-М, 2004. - 195 с.

[4] Козловский В.А., Козловская Э.А., Савруков Н.Т. Логистический менеджмент: Учебное пособие 2-е изд., доп. – СПб.: Издательство «Лань», 2002. - 209 с.

[5] Миротин Л.Б., Ташбаев Ы.Э. Логистика для предпринимателя: основные понятия, положения и процедуры: Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2002. - 120 с.

[6] Мельников, В. П. Логистика: учебник для СПО / В. П. Мельников, А. Г. Схиртладзе, А. К. Антонюк ; под общ. ред. В. П. Мельникова. — М. : Издательство Юрайт, 2018. — 287 с.

УДК 656

И. К. Шакенова^а, Ә.Ж. Айтбұланов^б

Академия Логистики и Транспорта, Алматы, Қазақстан

[a](mailto:kairatovna2605@mail.ru)kairatovna2605@mail.ru [b](mailto:aytbulanov00@mail.ru)aytbulanov00@mail.ru

РОЛЬ ЛОГИСТИКИ ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ

Аңдатпа. COVID-19 індеті барлық адамдардың өмірін ғана емес, сонымен бірге жаһандық нарықтарды да өзгертті. Бүкіл әлемде мемлекеттер арасындағы шекаралардың жабылуына және өзін-өзі оқшаулау режимінің енгізілуіне байланысты өндірістік қуаттылықтың айтарлықтай төмендеуі байқалды, бұл жұмысшылардың қысқаруына және 50-ден 50-ге дейін жалақы төлеуге әкелді. Коронавирустық індет өндірушілер мен сатып алушылар арасындағы әдеттегі байланыстарды сақтамады және логистикалық фирмалардың бизнесіне күрделі конфигурациялар енгізді. Дағдарыс сұраныстың өзгеруіне, өндірісті тоқтата тұруға және енгізілген шектеулерге байланысты жүк ағындарының теңгерімсіздігін тудырды. Осы факторға байланысты мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдар жеткізілім тізбегінің үздіксіздігі мен беріктігін қолдауға ең жоғары басымдық беруі керек. Логистиканың тиімділігі, әсіресе дағдарыс кезінде өте маңызды.

Түйін сөздер. Логистикалық жүйе, пандемия, экономика, тиімділік, трендтер, IT-технологиялар, әуе және теміржол көлігі, интернет

Аннотация. Эпидемия COVID-19 поменяла не только жизнь всех людей, а так же глобальные рынки. Во всем мире произошло значительное снижение производственных мощностей из-за закрытия границ между государствами и введения режима самоизоляции